

## Коммуналдық мүлікті жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшермесін есептеу тәртібін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Байзак аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 658 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 2438. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзак аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 365 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзак аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 365 қаулысымен.**  
РҚАО-ның ескертпесі.

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексіне (ерекше бөлім), "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру қағидаларының 50 тармағына сәйкес Байзак ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудандық коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртіби айналсын.

2. "Байзак ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әзімхан Қильтабайұлы Қильтабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## **Аудандық коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі**

1. Осы есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленген және қалалық коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық мүлік объектілерін (тұрғын емес қорын) мүліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жылдық жалдау ақысы мөлшерлемесінің есептеуі келесі формула бойынша есептеледі:

$$A_p = B_s \times S \times K_t \times K_k \times K_{sk} \times K_r \times K_{vd} \times K_{opf},$$

мұнда :

Ap – жылына аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың баланстағы мемлекеттік тұрғын емес қордың нысандарын жалға алу ақысының мөлшерлемесі ;

Bs – 1 шаршы метрге жалға алу базалық мөлшерлемесі Байзак ауданы аумағында Қазақстан Республикасының тиісті жылға республикалық бюджеті туралы заңымен белгіленген жылына 2 айлық есептік көрсеткіш;

S – жалға алынатын алаң, шаршы метр;

Kt – құрылымдың үлгісін ескеретін коэффициент;

Kk – тұрғын емес үй-жайлардың түрін ескеретін коэффициент;

Ksk – қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

Kr – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

Kvd – жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

Kopf – жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент .

Аудандық коммуналдық мүліктің тенгерім ұстаушысы жалдаушымен алғып отырған үй-жайлар өлшемдерінің үй-жайлардың өлшемдеріне сәйкес болуын қамтамасыз етеді .

3. Аудандық коммуналдық мүлік объектілері үшін жалға алу ақысының мөлшерлемесін есептеу кезінде қолданылатын коэффициенттер:

№	Коэффициенттер	тұрі	Коэффициент көлемі

	Күрылым	түрін	ескеретін	коэффициент	(Кт.):							
1.	1 . 1 .			к е н с е	1 , 0							
	1 . 2 .			ө н д і р і с т і к	0 , 8							
	1 . 3 .	к о й м а ,		қ а з а н д ы қ	0 , 6							
	Тұрғын	емес	үй	жай	түрін	ескеретін	коэффициент	(Кк)				
	2 . 1 .	ж е к е		т ұ р ғ а н		к ұ р ы л ы м	1 , 0					
2.	2 . 2 .	жапсара-қоса		сағынған		б ө л і к	0 , 9					
	2 . 3 .	цокольдық	(жартылай		жертөле)		б ө л і г і	0 , 7				
	2 . 4 .	ж е р т ө л е				б ө л і г і	0 , 6					
	Қолайлыштық	дәрежесін		ескеретін		коэффициент	(Кск)					
3.	3.1.	техникалық-инженерлік	құрылғылармен	толық	қамтамасыз	еңілген жағдайда	(	1 , 0				
		орталық	жылу	жүйесі,	жылы	су,	су					
	3.2.	аталған	қызмет	турлерінің	біреуі	болмаған	жағдайда	0 , 9				
	3.3.	аталған	қызметтердің	ешкайсысы		болмаған	жағдайда	0 , 7				
	Аумақтық	орналасуын		ескеретін		коэффициент	(К.р.)					
4.	4 . 1 .	а у д а н		о р т а л ы ғ ы		ү ш і н :	1 , 0					
	4 . 2 .	к е н т ,				а у ы л	0 , 8					
	Жалдаушының	қызмет	түрін	ескеретін		коэффициент	(Кв.д.)					
	5.1	Банктердің	есеп	айырысу-кассалық	орталықтары,	халықта	қызмет	көрсету	үшін "Казпошта"	акционерлік қоғамына және үялы байланыс операторлары үшін (антенналар)	3 , 5	
	5.2	қызметі	бағалы	қағаздар	нарығы,	сақтандыру,	инвестициялық	компаниялар,				
		нотариалды	кеңселер,	адвокат	кеңселерімен	байланысты	делдалдық	қызмет	және кеден	3 , 0		
		кеңзеттерін	көрсету,	айырбастау	пунктері	және	ұйымдар	үшін				
										2 , 5		
5.	5.3	қоғамдық	тамақтандыру,	сауда,	қонақүй	қызметтерін	ұйымдастыру	үшін		1 , 2		
		шектеулі	қолжетімділікпен	мемлекеттік	мекемелердің	ғимараттарында	қызметкерлердің					

тамақтандырылуын үйимдастыру үшін мектепте тамақтандыруды үйимдастыру үшін 0 , 5

					1 , 0
5.4	келесі ғылым орта мектепке	саладағы мен дөңгейдегі дайінгі	қызметтері жоғары білім білім білім	үйимдастыру білім білім білім	үшін: беру 0 , 5 беру беру 0 , 5
5.5	денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және БАҚ саласындағы қызметтерді үйимдастыру				үшін 1 , 0
5 . 6		өзгелер			үшін
					2 , 0
	Жалдаушының үйимдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф)				
6.	6.1 коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, қайырымдылық және қоғамдық үйимдар, коммерциялық	емес		үйимдар	үшін 0 , 5
6.	6.2 өндірістік қызметті үйимдастыру және сату-сатып алу (делдалдық қызмет) есептемегенде халықта қызмет көрсету саласын дамыту үшін (делдалдық қызмет) шагын	кәсіпкерлік	субъектілер		үшін 0 , 9
	6.3 мемлекетке тиесілі және бюджеттік бағдарламаларды орындаудан түсken 90 проценттен кем емес табыс алатын акцияларының елу және одан көп проценті (қатысу үлесі) немесе акцияларының бакылау пакеті акционерлік қоғамдар үшін (серіктестіктер) жауапкершілігі	шектеулі			1 , 0
6 . 4	өзгелер			үшін	1 , 0

4. Жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды мұліктік жалға алуға (жалдауға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының есебі осы формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_p = C \times N_{am} / 100 \times K_p, \\ \text{мұнда:}$$

A<sub>p</sub> – жылына жабдыққа, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

C – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтың қалдық құны; 100 пайыз тозуы есепке алынған жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды жалға алуға (жалдауға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтірілген) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

Nam – Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

K<sub>p</sub> – төмендегу коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті үйимдастыру және халықта

қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру  
кезінде - 0,5 мөлшерінде).

Мемлекеттік мекемелерге жабдықтар мен көлік құралдарын беру кезінде – 0,0  
мөлшерінде.

Мұліктік жалдау бойынша 1 шаршы метрге сағатына төлеу мөлшерлемесі  
айна жұмыс күндерінің және тәуліктегі жұмыс сағаттарының санына мұліктік  
жалдау бойынша ай сайынғы төлем мөлшерлемесін математикалық бөлу  
жолымен айқындалады.

С. м. 1 ш. м. = С: 22:8 x Н.к x Н.с. (ай сайынғы құны: 22:8 x нақты күндері x  
нақты сағаттары), мұнда:

С. м. 1 ш. м. – сағатына 1 ш. м. төлемі бойынша мөлшерлеме;

С – жалдау ақысының ай сайынғы мөлшерлемесі;

22 – 1 айдағы жұмыс күндерінің саны;

8 – күніне жұмыс сағаттарының саны;

Н. к. – нақты жұмыс істеген күндер;

Н. с. – нақты жұмыс істеген сағаттар;

Сағатына 1 шаршы метрге мұліктік жалдау бойынша төлем мөлшерлемесі  
өтініш берушінің жұмыс кестесін ұсынуына сәйкес мұлік толық емес күнге жалға  
берілген жағдайларда (спорттық, акт және көрме залдары, оқу аудиториялары)  
жолданылады.

Білім беру мекемелеріндегі үй жайларды мұліктік жалға алуға (жалдауға)  
ұсынылған жалдау ақысының есебі оқу жылына жүргізіледі (тиісті жылдың 1  
қыркүйегінен бастап 31 мамыры аралығында).

Бір жолғы іс-шараларды жүргізу кезінде жалдау ақысының есебін шаршы  
метр жалдайтын алаңға 100,0 теңгеге көбейту жолымен жүргіzsіn.

Мүмкіндігі шектеулі жеке кәсіпкерлерге, сондай-ақ 50% және одан аса  
мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлері бар ұйымдарға, есептеген жалдау ақысы 50%  
азайтылып бөлгіленсін.